

Арзыкулов А.А., Түргенбай А.А.

**ҚХР қорғаныс саясаты және әскери модернизациясы**

Қытайдың әскери-саяси стратегиясының тарихы тереңде жатыр. Жалпы ҚХР-дың бүкіл іс-әрекеті стратегиялық мүдделеріне тікелей байланысты. Әрине Қытай үшін әскери әлеуетін арттыру ең бірінші кезекте Азия-Тынық мұхиты аймағындағы өз басымдылығын арттыру үшін қажет. Өйткені шешімін таппаған мәселелер негізінен осы аймақта шоғырланған. Мақалада қытай армиясының реформалар басталғаннан бергі кезеңдегі жағдайы баяндалады. Қазіргі әлемдегі өзгерістерге байланысты ҚХР үкіметі де армия алдына жаңа талаптар қойып отыр. Заманауи армия жасақтау, жаңа технологиялармен қамтамасыз ету, кадрлық құрамның біліктілігін арттыру, бір сөзбен айтқанда қазіргі талаптарға сай армияға қол жеткізу Қытай үкіметінің негізгі мақсаты. Және де осы мақсатта көптеген істер атқарылып, тіпті халықаралық әскери ынтымақтастық та кең көлемде жүргізілуде.

**Түйін сөздер:** Қытайдың ұлт-азаттық армиясы, қорғаныс саясаты, әскери модернизация, әскери-өндірістік кешен, «Факел» бағдарламасы.

Arzykulov A.A., Tyrgenbay A.A.

**Defensive policy and military upgrade of the People's Republic of China**

The history of military-political strategy of China has deep roots. In general all actions of the People's Republic of China it is directly connected with its strategic interest. China first of all needs building-up of military potential for strengthening of a superiority in the Pacific Rim. Because exactly there are not solved problems. In article the provision of the Chinese army about the beginning of reforms is considered. In communication developed a situation in the world the government of the People's Republic of China to set new tasks for army. Forming of modern army, providing with new technologies, advanced training of personnel structure, in a word to have army conforming modern to requirements is the purpose of the Chinese government. And for this purpose it is carried out large-scale works, the international military cooperation also extends.

**Key words:** People's liberation army of China, defensive policy, military upgrade, military industrial complex, Torch program.

Арзыкулов А.А., Түргенбай А.А.

**Оборонная политика и военная модернизация КНР**

История военно-политической стратегии Китая имеет глубокие корни. Вообще все действия КНР напрямую связаны с его стратегическими интересами. Китаю наращивание военного потенциала в первую очередь нужно для усиления превосходства в Азиатско-Тихоокеанском регионе. Потому что именно здесь находятся нерешенные проблемы. В статье рассматривается положение китайской армии с начала реформ. Формирование современной армии, обеспечение новыми технологиями, повышение квалификации кадрового состава, одним словом иметь армию, соответствующую современным требованиям, является целью китайского правительства. И для этой цели проводятся широкомасштабные работы, также расширяется международное военное сотрудничество.

**Ключевые слова:** народно-освободительная армия Китая, оборонная политика, военная модернизация, военно-промышленный комплекс, программа «Факел».

## **ҚХР ҚОРҒАНЫС САЯСАТЫ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ**

ҚХР қарулы күштері Қытайдың ұлт-азаттық армиясынан (ҚҰАА), қарулы халық полициясынан және халық жасақтарынан тұрады. Қарулы күштердің сыртқы қызметін атқаратын негізгі әскери құрылым 2,3 миллион адамнан тұратын Қытайдың ұлт-азаттық армиясы. Оның құрылған күні 1927 жылдың 1 тамызы. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін ҚҰАА негізінде тұрақты құрғақтағы әскер қалыптастырылды, ал 50-жылдары әскери әуе және әскери теңіз күштері құрылды, ал одан кейінгі онжылдықта стратегиялық зымырандар әскери жасақтала бастап, 1974 жылы ол қарулы күштердің дербес түріне айналды.

ҚҰАА-ның негізгі құрылымы мен қызмет ету тетіктерін қалыптастыру кезеңі кеңес-қытай әскери-техникалық қарқынды ынтымақтастығы жылдарында жүрді. Осы жағдайларға байланысты қытай армиясы әлі күнге дейін әскери күштердің кеңестік үлгісін көшірмелеп келеді. Бұл ҚХР мен КСРО әскери машинасының жұмысының ұқсастығынан ғана емес, сонымен бірге ҚҰАА-ның әлі күнге партия мен үкіметтің ең басты күшті тірегі екендігінен де көрінеді және де бұдан тыс бірқатар өндірістік және азаматтық қызметтерді де атқарады.

2006 жылғы «Қорғаныс саясаты мәселелері бойынша Ақ кітапқа» сүйенсек, қарулы халық полициясының саны 600 мың адамды құрайды. Оған ішкі қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жүктелген. Халық жасақтары бейбіт кезеңде қоғамдық тәртіпті сақтау міндеттерімен айналысады, ал әскери жағдайда – қорғаныс сипатындағы және әртүрлі қамтамасыз ету қызметтерін атқарады [15].

1982 жылғы ҚХР Конституциясы бойынша, елдің қарулы күштері халыққа тиесілі, ал оны басқару мемлекеттік орган – ҚХР Орталық әскери кеңесі (ОӘК) арқылы жүргізіледі (29,93 баптар). ОӘК Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысына (БХӨЖ), ал сессиялар арасында БХӨЖ Тұрақты комитетіне бағынады. Осылайша, Конституция бойынша Компартия мен қарулы күштер бір-бірінен алшақ тұр дегенмен де 1997 жылғы «Мемлекеттік қорғаныс туралы» заңға сәйкес (19 бап) ҚХР қарулы күштері ҚКП басшылығының қол астында.

ҚХР жоғарғы әскери басқармасының басты органдары – Орталық әскери кеңес (ОӘК) және ҚКП Орталық комитетінің

Әскери кеңесі (ҚКП ОК ӘК). ҚКП ОК ӘК төрағасы бір мезгілді ОӘК төрағасы және Қытайдың қарулы күштерінің бас қолбасшысы қызметін атқарады. Қазір бұл қызметті ҚХР төрағасы Си Цзиньпин атқарып отыр.

ОӘК тікелей Екінші артиллерияны (зымырандар әскері) және екі басты әскери-ғылыми мекеме – Ұлттық қорғаныс университеті мен Әскери ғылымдар академиясын басқарады. Қарулы күштердің басқа түрлеріне, сондай-ақ халық жасақтарына басшылықты ОӘК өзіне бағынышты: бас штаб, бас саяси басқарма, бас тыл басқармасы және ҚҰАА қару-жарағының бас басқармасы арқылы жүргізеді. Бас штабқа қарулы күштердің түрлерінің бас штабтары бағынады. Одан ары қарайғы билік ірі әскери округтерге берілген. Қазіргі уақытта ҚХР Қарулы күштерінің құрамына жеті: Шэньян, Пекин, Ланьчжоу, Цзинань, Нанкин, Гуанчжоу және Чэндун әскери округтары кіреді.

Мемлекеттік кеңестің құрамына кіретін қорғаныс министрлігі тікелей қарулы күштерге басшылық жасамайды, оның құзырына атқарушы және өкілеттілік функциялар берілген.

2014 жылы ҚХР әскери бюджеті ресми ақпараттар бойынша шамамен 45 миллиард АҚШ долларын құраған. Тиісінше бір жыл ішіндегі әскери шығын 17,8%-дан асқан. Бұл соңғы жылдардағы елеулі өсім [16].

Сонымен бірге бұл көрсетілген сан әскери шығындарға бөлінген бүкіл қаражатты көрсете алмайды. ҚХР-дың ресми әскери шығындары негізінен ҚҰАА-ны қаржыландыруға арналған, ал іргелі қорғаныстық зерттеулерді қаржыландыру басқа бюджеттік көздерден – Ғылыми зерттеулер мен жаңалықтар фонды және Өнімнің жаңа түрлерін дамыту фондынан алынады.

Қорғанысқа шығынның басқа да бюджеттік жолдарына толыққанды құрылыс, әскерден босаған әскери қызметкерлер мен олардың жанұяларына жәрдемақы, қару-жарақ импорттауға арнайы арналған қорғаныс өндірісінің субсидиялары жатады. Бұдан тыс, бюджеттен тыс әскери шығындар бар, олар негізінен қару-жарақты экспорттаудан келетін кіріс есебінен қаржыландырылады. Осыларды ескере келгенде, соңғы жылдардағы Қытайдың нақты әскери шығыны орта есеппен ресми мөлшерден 50%-ға асып түседі.

Қарулы күштер қазіргі ҚХР-дың саяси өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Кез келген бірпартиялық жүйедегі тоталитарлық және нақты реттелген саяси өмірі бар мемлекеттегі секілді, Қытайда да армия елдің сыртқы қауіпсіздігін

қамтамасыз ету институты ғана емес, сонымен бірге ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде мемлекеттік биліктің сүйенетін құралы. Жыл өткен сайын бұл қызметті атқару барынша маңызды болып отыр, өйткені экономикалық өсудің жоғарғы деңгейінің арқасында және ҚХР-дың барлық әлемдік үдеріске барынша тартылуы жағдайында, елеулі демократиялық және әлеуметтік-саяси өзгерістердің орын алмауы мемлекеттегі ҚКП беделінің түсуіне соқтырып отыр. 1997 жылғы «Мемлекеттік қорғаныс туралы» заңға сәйкес, Қытайда елдегі ішкі тұрақтылықты сақтау үшін халықтық қарулы полициямен қатар, ҚҰАА-ны және халық жасақтарын пайдалануға болады (22 бап).

Бұдан тыс, қарулы күштердің ҚХР-дағы саяси үдерістердің көпшілігінде күштік реттеудің негізгі тетігі екендігін, олардың саяси өмірге ықпалды екендігін Ұлт-заттық армияның өкілдерінің биліктегі саяси салмағынан да көруге болады, мысалы ҚКП ОК-ның құрамындағы армия өкілдері 20%-дан асады.

ҚКП басшылығы үшін ҚҰАА-ның өз жағында болғандығы тиімді. Бұл Коммунистік партияның берік позицияларының сақталуы үшін қажет. Сондай-ақ билік басындағылардың мемлекет пен партияны басқарудағы жағдайын тұрақтандыруға септігін тигізеді.

Осылайша қуатты, қазіргі замандандырылған және ел басшылығына жағымды қарулы күштердің болуы Қытай үшін бірқатар себептер үшін қажет.

Біріншіден, ҚХР-да армия тек сыртқы саясатта шешуші күш қана емес, сонымен бірге елдегі ішкі саяси тұрақтылыққа елеулі ықпал етеді.

Екіншіден, Пекиннің сыртқы саяси (және сыртқы экономикалық) амбицияларының өсуіне байланысты, өйткені Азия-Тынық мұхиты аймағындағы басты рөлді иеленуге, одан келіп әлемдегі көшбасшы орындардың бірінен көрінуге ұмтылуы үнемі әскери әлеуетті арттыруды талап етеді.

Үшіншіден, әлемнің көптеген мемлекеттері Қытаймен серіктестік экономикалық қатынастарды ұстана отырып, әлі де болса оған елеулі саяси өзгерістер жоқтығы мен адам құқығының бұзылуы туралы айып тағып, осылайша оны саясаттағы «бөгде» санайтындығын ескерсек, сонымен бірге «қытай қауіпі» туралы қауесеттің өршуі жағдайында, қуатты және заманауи армияға сүйену қазір Қытай үшін нағыз қажеттілік болып тұр.

ҚХР-дағы әскери модернизацияның стратегиясы тікелей Қытайдың жалпы әскери страте-

гиясымен байланысты. 2006 жылдың соңында ұсынылған «Қорғаныс саясаты мәселелері бойынша Ақ кітаптың» материалдарына сәйкес, сонау Мао Цзэдун тұсында жарияланған «халық соғысы» тұжырымнамасынан «белсенді қорғаныс» стратегиясына түбегейлі өту аяқталды, ол ҚҰАА-ның әскери қабілетін оның құрамын қысқарта отырып және бір мезгілде заманауи қару-жарақпен жарақтандыру арқылы көтеруді қарастырады. XX ғасырдың 90-жылдары дайындалған осы стратегияға бойынша, қысқартуға ең алдымен құрғақтағы әскер ұшырауы тиіс, ал осымен қатар әскери әуе және әскери теңіз күштері, сондай-ақ стратегиялық зымырандар әскері кеңейтілуі көзделген. Осы стратегияның аясында, сондай-ақ жергілікті соғыс қимылдарына арналған ҚҰАА-ның ұтқыр (мобилді) күштерін құру қарастырылған, олардың құрамына соққы авиациясын және флот күштерінің бір бөлігін қосу көзделді [17].

Қазіргі Қытайдағы әскери реформалар 80-жылдардың ортасында Дэн Сяопинмен басталды, ал кең көлемді әскери модернизация ККП XIV съезінен кейін 1992 жылы қолға алынды. 2001 жылы ҚХР төрағасы Цзян Цзэминь алдағы уақытта XXI ғасырдың ортасына дейінгі қорғаныс әлеуетін дамыту және Қытайдың қарулы күштерін модернизациялау стратегиясын ұсынды. Ол үш кезеңнен тұрады:

1. 2000 жылға дейін – қайта құрулардың негізін қалыптастыру.

2. 2000-2020 жж. – Қытайдың қарулы күштері Азиядағы ең қуатты әскерге айналу керек.

3. 2020-2049 жж. – модернизацияны аяқтау және дамыған елдердің қарулы күштерінің алдыңғы деңгейіне жету көзделген.

Осылайша, кейінгі жылдары әскери модернизация аясында, ҚХР әскери машинасының қызмет етуінің барлық саласын дерлік қамтыған бірқатар қайта құрулар орын алды. Осы реформалардың арқасында ҚҰАА-ны одан ары жетілдірудің жан-жақты ойластырылған базасы құрылды, бұл әскери модернизация бағдарламасына арқау етілген мақсаттарға жетудің мүмкіндігі көп деп болжауға мүмкіндік береді. Дегенмен басқа дамыған елдерден әскери-техникалық жағынан көп артта қалушылықты, сондай-ақ аймақтағы геосаяси жағдайларды ескерсек, 2020 жылы Азиядағы көшбасшылыққа қол жеткізу өте қиын болып көрінеді.

Қытайда ғылым мен техниканың дамуы маңызды өндіргіш күш және экономиканы көтеру мен қорғаныс кешенін модернизациялаудың басты ресурсы ретінде қарастырылады. Қазіргі

уақытта қытайлық ӘӨК-нің кәсіпорындарының технологиялық деңгейі негізінен әлемдік стандарттарға сай келмейді. Қытайлық қорғаныс өндірісінің дамуына теріс ықпал ететін маңызды мәселелердің бірі – әртүрлі объективті және субъективті себептерге байланысты бірқатар маңызды бағыттардың көптеген жылдарға жабылып қалуына байланысты елдің әлемдік деңгейден ғылыми-техникалық және технологиялық қалып қоюы болып табылады. Бұл белгілі мөлшерде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) қаржыландырудың артта қалуымен түсіндіріледі, бұл мақсаттар үшін шығындардың үлесі тек 2001 жылдан бастап 1% асты.

Дамыған елдерден технологиялық артта қалушылықты қысқарту мақсатында Қытай жалпыұлттық, сондай-ақ қорғаныстық мәні бар бірқатар ғылым мен техниканың дамуының мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруда, бұлардың ішінде ӘӨК-ті модернизациялауға тікелей қатысы бар 1986 жылы және 1988 жылы қабылданған «863» (High-Tech Research and Development Programme) және «Факел» (Torch Programme) даму және жоғарғы технологияларды игеру бағдарламаларын атап өтуге болады. Оларға қатысу үшін Қытай ғылым академиясының институттары, ғылыми-зерттеу мекемелері және өндірістік кәсіпорындар, қытайлық және шетелдік фирмалар тартылған. Бағдарламаларды Қытай ұлттық ғылыми қоры басқарады.

«863» бағдарламасына сәйкес, жоғарғы технологиялар саласы бойынша ғылыми зерттеулердің басымды жеті бағыты белгіленген: биотехнология, космостық техника және технология, информатика, лазерлік технология, автоматтандыру технологиясы, энергетика саласы бойынша технологиялар, жаңа материалдар. «Факел» бағдарламасы жоғарғы технологияларды өндірістік игеруге бағытталған, оның ішінде ғылыми-техникалық кәсіпорындардың «фирма-инкубаторларын» құру және дамыту да бар [18].

Қытай әскери-өндірістік кешеннің барлық секторларында қару-жарақ пен әскери техника өндіру бағдарламасын жүзеге асырады және әскери өнімнің кең көлемін шығарады: зымырандар, танктер, бронотранспортерлар, жойғыш ұшақтар, су үсті әскери кемелері мен сүңгуір қайықтар. Дегенмен көптеген бағдарламалар шетелден әкелінетін маңызды жабдықтаушыларға, мысалы жойғыш ұшақтарға арналған қозғалтқыштарға тәуелді. Бүгінгі күні ҚХР бөлшектенетін материалдар технологиясын,

сондай-ақ ядролық қару жасаумен байланысты технологияны игеруде көптеген жетістіктерге жетті. Қытайдың көптеген мүмкіншіліктерге ие салалары – бұл, артиллерия мен ату қарулары, химиялық және биологиялық жүйелер, материалдар технологиясы, энергетика технологиялары.

Қытай мамандарының пікірінше, тәуелсіз әрі заманауи ақпараттық жүйелерсіз ел ешқашан нағыз ұлттық тәуелсіздік пен егемендікке ие бола алмайды. Осыған байланысты, қытайлық әскери сарапшылардың арасында армия өзіне тағы бір міндетті – елдің ақпараттық жүйесін қорғауға алуы қажеттігі туралы ойлар талқылануда.

Жалпы сарапшылар соңғы жылдардағы әскерлерді басқару жүйелерінің, қытай қарулы күштерінің байланысы мен барлауының сапалық және сандық көрсеткіштерінің артқанын атап отыр. Кейбір мәліметтер бойынша, бүгінгі күнге ҚҰАА-ның маңызды құрамдары мен бөлімдерінің 85% және жағалау қорғанысы мен шекара әскерінің 65% байланыс жүйесі модернизацияланған. Сарапшылар кейінгі жылдарда да қытайлық әскери-саяси басшылық ҚҰАА басқару жүйесі, байланыс және барлау жүйелерін жетілдіру мен модернизациялау бойынша белсенді жұмыстар жүргізетінін атап өтеді. [19] Қазіргі уақытта Қытай ӘӨК-і заманауи жоғарғы технологиялық қару-жарақ шығару бойынша қуатты ғылыми-техникалық және өндірістік әлеует жасау жолында, бірақ таңдалынып алынған қуып жетуші даму үлгісі Қытайдың әскери-техникалық артта қалушылығын қысқартқанымен де, толықтай жоя алмайды. Сонымен бірге әлемдік деңгейге сай келетін өзіндік жаңашылдықтарды дайындау мен өндірістік игеру алыс келешектің еншісінде тұр. Солай болса да, бұл сала бойынша қаржыландырудың тұрақты өсуі, сонымен бірге армияны қару-жарақтың барынша жетілдірілген түрлерімен қамтамасыз ету аясында басқару және кадрлық саясатты жетілдіру, ӘӨК-ні модернизациялау көлеміндегі өткізілген шараларды нәтижелі және орынды деп қарастыруға мүмкіндік береді.

ҚХР-дағы әскери модернизацияның қарулы күштердің кадрлық құрылысы саласын қамтымауы мүмкін емес еді. Бұл реформаларға қытай армиясының жеке құрамының жалпы санын қысқарту және сапалық сипатын арттыру негіз болды. 1985 жылдан бері ҚХР Қарулы күштері үш ірі қысқарту жүргізді. Әскер саны 1980 жылдардағы 3,9 миллион адамнан қазіргі шамамен 2 миллион адамға дейін қысқарды.

Қазіргі уақытта ҚХР-дағы әскери қызмет міндетті және ерікті қызмет жүйесінен тұрады, соған сәйкес тұрақты әскери күшті жеке құраммен жабдықтау аралас түрде жүреді: шақырту бойынша және келісім-шарт негізінде. Шақыртуға 18 жасқа толған ер азаматтар жатады. Жыл сайын шақырту жасына толатын ерлер саны 10 миллион адамнан асатындықтан, шақырту таңдау түрінде жүргізіледі, бұл армия мен флотты денсаулығы мықты әрі саяси сенімді жас адамдармен толықтыруға мүмкіндік береді.

Әскери модернизация аясында армияға шақыру мерзімі құрғақтағы әскер мен әскери полициядағы үш жылдан және зымырандар әскеріндегі, әуе күштеріндегі және теңіз күштеріндегі төрт жылдан әскердің барлық түрі үшін екі жылға қысқарды. Мерзімді қызмет уақытының қысқаруына байланысты мерзімнен тыс қызмет те жойылды, оның орынына келісім-шарт бойынша 3 жылдан 30 жылға дейінгі келісім-шарттық қызмет енгізілді.

ҚХР ҚК-ның соғысқа қабілеттілікті арттыру бойынша әскери реформалар жүргізу үдерісінде армиядағы әскери тәртіпке үлкен көңіл бөлінеді. Қытай басшыларының алаңдаушылығын туғызып отырған әскери қызметкерлердің арасында орын алып отырған, армияның «әскери рухы» түскендігін айғақтайтын жағымсыз құбылыстар. Осыған байланысты ҚХР ОӘК қарулы күштер үшін он «үлкен жасырын қатер» бар екенін көрсетеді, олардың арасында: партиялық жұмыстың әлсіздігі, армиядағы жемқорлық, тәртіп пен субординация мәселесі, халықаралық жағдай туралы мәліметтерді жетік білмеу, сондай-ақ соғыс жүргізудің жаңа тәсілдері мен қарудың жаңа түрлерін пайдалану туралы сауатының жоқтығы және жергілікті билік пен тұрғындармен дау-жанжалдар бар.

Жағдайды түзеу үшін ҚКП басшылығы ара-тұра жоғарғы және орта деңгейдегі әскери кадрларды тазалап тұрады. Мысалы, ҚКП ОК Саяси бюросының 2001 жылғы №33 шешіміне сәйкес ҚХР ОӘК қарулы күштер қатарынан мерзімінен бұрын босатылатын офицерлер құрамының алты категориясын нақтылады:

- саяси сауаты шектеулі тұлғалар;
- саяси жұмыста формализм көрсететіндер;
- батыс идеологиясының шірік ықпалына ұшырағандар мен қызмет жағдайына көңілі толмайтындар;
- әскери құрылыс міндеттерін шешуде және қол астындағыларды басқаруда саяси көрегендік танытпағандар;

– идеология, мораль және өмір сүру келбетінде мәселелері барлар;

– күмәнді адамдармен байланысы барлар [20].

2003 жылы ҚҰАА-ға армия тәртібі деңгейін көтеруге және әскери қызметкерлердің қылмыс жасауына кедергі болуға бағытталған жаңа тәртіп ережесі енгізілді. Сол кездегі Орталық әскери кеңестің төрағасы Цзян Цзэмин қол қойған «ҚҰАА жалпы әскери бөлімдерін әскери қамтамасыз ету Ережесі», дамып отырған ақпараттандыру жағдайындағы жалпыәскери бөлімдердің соғыс қабілетін арттыруға бағытталған ҚҰАА тарихындағы тұңғыш реттеуші құжат болды. 8 тарау және 212 баптан тұратын Ережеде жалпыәскери бөлімдердің статусы, рөлі, негізгі міндеттері, көшбасшы идеялары мен әскери қамтамасыз етудің басты ұстанымдары айқын көрсетілген.

Қарулы күштердің, әсіресе Құрғақтағы әскердің санын қысқарту жағдайында айрықша назар әскери дайындықты ұйымдастыру мен өткізуге бөлінеді. Өткізілетін оқу-жаттығулар мен әскери маневрлардың жиілігі мен саны артты. Оқу-жаттығулардың көпшілігі әдеттегідей елдің шығысында, әсіресе Тайвань бұғазы аумағында өткізіледі, мұндағы мақсат Қытайдың теңіз шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Тайванмен қосылуға ықпал ету. ҚҰАА-ның басқа елдердің қарулы күштерімен халықаралық байланыстарының дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Жаңа ғасырдың басынан бері Қытай 12 елмен 20 аса біріккен әскери оқу-жаттығуларын өткізді, оның ішінде ШЫҰ елдері де бар.

Қарулы күштерді кадрлық модернизациялауға бағытталған шаралар ҚХР қорғаныс модернизациясының стратегиясы ретінде де, әлемнің барлық қарулы күштеріне тән үдеріс ретінде де дәлме-дәл қимылдар. Солай бола тұрса да, бұл саладағы елеулі кемшіліктер: әскери қызметті материалдық қамтамасыз етудің өте жұтандығы, Коммунистік партияның билігінің сақталуы, офицерлер құрамының басым бөлігінің білімінің төмендігі (тіпті жоғарғы басшылықтың өзінде заманауи соғыс жүргізу жағдайларын білмейтіндер бар), техникалық мамандардың жетіспеушілігі.

Қарулы күштердің трансформациясы үдерісінің тиімділігін арттыру үшін, қытай басшылары әскери модернизация мәселесінде басқа елдердің тәжірибесін барынша пайдалану мақсатында халықаралық әскери ынтымақтастықты кеңейтуде. Қытай 150-ден аса елмен әскери қатынас орнатқан, 107 мемлекетте әскери атташе ұстайды,

ал Қытайда 90-ға жуық елдің әскери атташелері бар.

Әскери модернизация жүргізу аясында халықаралық ынтымақтастықты шартты түрде екі бағытқа бөлуге болады: әскери құрылыс ісінде шетелдік тәжірибені алу және әскери-техникалық ынтымақтастық.

Шетелдік тәжірибені алуға келетін болсақ, бұл жер де барлық күш ҚҰАА командалық құрамының жоғарғы және орта шенділерінің заманауи әскери ғылымның: әскери доктрина, әскери өнер, штабтар мен әскерлердің шұғыл және соғыс дайындығын ұйымдастыру, әскери медицина, сондай-ақ жапсарлас бірқатар салаларға қол жеткізуін қамтамасыз етуге жұмсалады. Соңғы жылдары ҚҰАА-ның әскери және азаматтық мамандарын шетелде дайындауға ерекше көңіл бөлініп жүр. 1996 жылдан осы уақытқа дейін шетелге оқуға төрт мыңға жуық әскери қызметкер жіберілді, олардың басым бөлігі «дивизия-полк» деңгейіндегі басқару және инженерлік-техникалық құрам.

Әскери-техника саласы бойынша Қытайдың негізгі серіктестері Ресей және ТМД-ның кейбір елдері, Пәкістан, Израиль. 1989 жылғы Тяньаньмэнь оқиғасынан кейін еуропалық мемлекеттердің ҚХР-ға әскери техника жеткізуге эмбарго жариялауына байланысты ҚҰАА-ның қол жетімді қару-жарақ түрі шектеулі болып қалды. ҚХР үкіметі бұл тыйымды алып тастаудың шарттарын қамтамасыз ету жолында белсенді жұмыс жасауда және қазіргі уақытта елеулі табыстарға қол жеткізілгенін атап өтуге болады. Еуропаның Франция, Германия және Италия секілді жетекші елдері санкцияларды алып тастауға келісімдерін берді, бірақ эмбаргоны алып тастау жөніндегі Еуроодақтың шешіміне АҚШ пен Ұлыбритания тежеу болып отыр. Эмбаргоны алып тастауға Жапония мен Тайвань да қатты қарсылық білдіруде. [21]

ҚХР әлемдік аренада басты қарсылас ретінде Америка Құрама Штаттарын көруді жалғастыратына қарамастан, қазіргі уақытта әскердің барлық түрі Қытайдың жақын маңында соғыс жүргізу әрекеттерінің аясында дайындықтан өтіп, даму үстінде.

ҚХР ӘТК жағдайын сараптау, оларды модернизациялаудың басымды бағыты қытай әскери флотын техникалық жағынан қайта жабдықтау екенін көрсетеді. Қазіргі уақытта ҚҰАА ӘТК-нің өздерінің жағалаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шамасы келеді, бірақ Азия-Тынық мұхиты аймағының басты теңіз державаларына қарсы тұруға әлі де болса қауқарсыз.

**Әдебиеттер**

- 1 Чуприн К.В. Военная мощь Поднебесной: Вооруженные силы КНР (Справочник)/ под общей редакцией А.Е. Тараса. – Мн.: Харвест, 2006. – С. 86.
- 2 Михеев В.В. Китай: угрозы, риски, вызовы развитию. – М.: «Центр-Карнеги», 2005. – С. 156.
- 3 Сыроежкин К.Л. Китай: военная безопасность. – Алматы: КИСИ, 2008. – С.102.
- 4 Клименко А.Ф. Эволюция военной политики и военной доктрины Китая// Военная мысль. – 2005. – № 4. – С. 2-17.
- 5 Субанов М. На переднем крае борьбы с «тремя силами зла». [Электронный ресурс]. URL: <http://www.infoshos.ru/?idn=4120>. Время обращения: [12.03.2016 г.]
- 6 Чжан Вэньвэй. Чжун э ляngo цзай шанхай хэцзо цзуджи чжун чжаньлюэ лиюн фэньси. Чжунго вайцзяо сюэюань. – Пекин: Бэйцзин чубаньшэ, 2002. – 210 с.
- 7 Federation of American Scientists, Strategic Security Blog, Chinese Military Power: Can We Avoid Cold War? [http://www.fas.org/blog/ssp/2006/05/chinese\\_military\\_power\\_can\\_we](http://www.fas.org/blog/ssp/2006/05/chinese_military_power_can_we).
- 8 Жэньминь жибао он-лайн, 30/12/2015. <http://russian.people.com.cn/31521/5234009.html>

**References**

- 1 Chuprin K.V. Voennaja moshh' Podnebesnoj: Vooruzhennyye sily KNR (Spravochnik)/ pod obshhej redakciej A.E. Tarasa. – Mн.: Harvest, 2006. – С. 86.
- 2 Miheev V.V. Kitaj: ugrozy, riski, vyzovy razvitiju. – М.: «Centr-Karnegi», 2005. – S. 156.
- 3 Syroezhkin K.L. Kitaj: voennaja bezopasnost'. – Almaty: KISI, 2008. – С.102.
- 4 Klimenko A.F. Jevoljucija voennoj politiki i voennoj doktriny Kitaja// Voennaja mysl'. – 2005. – № 4. – S. 2-17.
- 5 Subanov M. Na przednem krae bor'by s «tremja silami zla». [Jelektronnyj resurs]. URL: <http://www.infoshos.ru/?idn=4120>. Vremja obrashhenija: [12.03.2016 g.]
- 6 Chzhan Vjen'vjej. Chzhun je ljangо czaj shanhaj hjeczo czudzhi chzhun chzhan'ljuje lijun fjen'si. Chzhungо vajczjao sjujejuan'. – Pekin: Bjejczin chuban'shje, 2002. – 210 s.
- 7 Federation of American Scientists, Strategic Security Blog, Chinese Military Power: Can We Avoid Cold War? [http://www.fas.org/blog/ssp/2006/05/chinese\\_military\\_power\\_can\\_we](http://www.fas.org/blog/ssp/2006/05/chinese_military_power_can_we).
- 8 Zhjen'min' zhibao on-lajn, 30/12/2015. <http://russian.people.com.cn/31521/5234009.html>